

«Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Тауарлар мен көрсетілетін
қызметтердің сапасы мен
қауіпсіздігін бақылау
комитеті» РММ төрағасының
2019 ж. «23» мелғуссан
№ №025496 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық (Қосымша парақ)
Эргоферон**

Саудалық атауы

Эргоферон

Халықаралық патенттелмеген атауы

Жок

Дәрілік түрі

Соруға арналған таблеткалар

Фармакотерапиялық тобы

Жүйелі қолдануға арналған инфекцияға қарсы препараттар. Жүйелі қолдануға арналған вирусқа қарсы препараттар. Тікелей әсер ететін вирусқа қарсы препараттар. Вирусқа қарсы басқа да препараттар.

АТХ коды J05AX

Қолданылуы

Ересектерде және 6 айдан асқан балаларда кешенді ем құрамында грипп, парагрипп вирусы, аденовирус, респираторлық-синцитиальді вирус, коронавирустар туындатқан жедел респираторлық вирусты инфекциялар профилактикасы және емдеу.

Қолдануды бастағанға дейін қажетті мәліметтер тізбесі

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препарат компоненттеріне жекелей жоғары сезімталдық
- 6 айлықтан кіші балалар
- тұқым қуалайтын галактоза жақпаушылығы, лактаза лопарей тапшылығы немесе глюкоза-галактоза мальабсорбциясы.

Қолдану кезінде қажетті сақтық шаралары

Қатысы жоқ.

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі

Қазіргі кезге дейін басқа дәрілік заттармен сәйкессіздік жағдайлары тіркелмеген.

Арнайы ескертулер

Айрықша нұсқаулар

Құрамына лактоза моногидраты кіреді, осыған байланысты туа біткен галактоземиясы, глюкоза немесе галактоза мальабсорбция синдромы бар пациенттерге немесе туа біткен лактаза жеткіліксіздігі кезінде тағайындау ұсынылмайды.

Педиатрияда қолдану

Эргоферон препараты 6 айдан асқан балаларда ересектердегі дозалау режимінде қолданылады.

Жүктілік және лактация кезінде

Эргоферонды жүктілік және лактация кезеңінде қолдану қауіпсіздігі зерттелмеген. Эргоферон препаратын ана үшін пайдасы мен шаранаға немесе балаға төнетін ықтимал қауіптің арақатынасын бағалаудан кейін, аса қажетті болғанда қолдану ұсынылады.

Дәрілік заттың көлік құралдарын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Эргоферон көлік құралдарын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер етпейді.

Қолдану жөніндегі нұсқаулар

Дозалау режимі

Эргоферон препараты 6 айдан асқан балаларда ересектердегі дозалау режимінде қолданылады.

Ішке. Бір қабылдауға – 1 таблетка (шамамен тамақтанудан 15 минут бұрын немесе тамақтанғаннан кейін 15 минут өткен соң). Таблетканы жұтпай, толық ерігенше, ауызда ұстау керек.

Препаратты жасы кіші балаларға тағайындағанда (6 айлықтан 6 жасқа дейін) таблетканы қайнаған бөлме температурасындағы судың аз мөлшерінде (1 ас қасық) еріту ұсынылады.

ЖРВИ кешенді емі құрамында

Емдеуді жедел инфекцияның алғашқы белгілері пайда болғаннан-ақ бастау қажет. Емдеудің 1-ші күні келесі сызба бойынша 8 таблетканы қабылдайды: алғашқы 2 сағатта әрбір 30 минут сайын 1 таблеткадан (2 сағат ішінде барлығы 5 таблетка), содан кейін осы күн ішінде тең уақыт аралығында тағы 1 таблеткадан 3 рет қабылдайды. 2-ші тәуліктен бастап және одан әрі 1 таблеткадан күніне 3 рет толық жазылғанша қабылдайды.

ЖРВИ профилактикасы.

Күніне 1-2 таблеткадан. Профилактикалық курстың ұсынылатын ұзақтығы жекелей анықталады және 1 - 6 айды құрауы мүмкін.

Қажет болғанда препаратты басқа да вирусқа қарсы және симптоматикалық дәрілермен үйлестіруге болады.

Артық дозалану жағдайында қабылдануы қажет шаралар

Артық дозаланғанда диспепсиялық құбылыстар (жүрек айнуы, құсу, диарея) препараттың құрамына кіретін қосалқы заттарға негізделген. Емдеу препаратты тоқтату және симптоматикалық ем, мысалы, пероральді регидратация (көп ішу) тағайындау болып табылады.

Дәрілік препараттың бір немесе бірнеше дозасын өткізіп алған кездегі қажетті шаралар

Препараттың дозасын қабылдауды өткізіп алған жағдайда ол дозаны мүмкіндігінше ертерек қабылдау және препаратты қабылдау курсы басталған схема бойынша жалғастыру қажет. Ұмытылған дозаның орнына дозаны екі еселеуге болмайды.

Дәрілік препаратты қолдану тәсілін түсіндіру үшін медициналық қызметкерге кеңес алуға жүгіну бойынша ұсынымдар

Препаратты қолданар алдында дәрігермен кеңесіңіз.

ДП стандартты қолдану кезінде байқалатын жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және мұндай жағдайда қолданылуы керек шаралар.

Пайда болу жиілігі бойынша жағымсыз реакцияларды жіктеу үшін мынадай талаптар қолданылды: өте жиі ($\geq 1/10$), жиі ($\geq 1/100$, $< 1/10$), кейде ($\geq 1/1000$, $< 1/100$), сирек ($\geq 1/10000$, $< 1/1000$), өте сирек ($< 1/10000$), белгісіз (жиілігін қолда бар деректер негізінде есептеу мүмкін емес).

Клиникалық зерттеулер, тіркеуден кейінгі тәуелсіз зерттеулер және өздігінен жинақталған хабарламалар мониторингі аясында препаратты қабылдаумен белгілі бір байланысы бар жағымсыз реакциялардың даму жағдайлары тіркелмеген.

Препараттың компоненттеріне жоғары жеке сезімталдық реакциялары болуы мүмкін.

Жағымсыз реакциялардың пайда болу жиілігі постмаркетингтік бақылау негізінде есептелмейді.

Егер препаратты қабылдау кезінде жағымсыз реакциялар пайда болса, қабылдауды тоқтату және дәрігерге жүгіну қажет.

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындаған кезде медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса, дәрілік

препараттарға жағымсыз реакциялар (әсерлері) бойынша тікелей ақпараттық дерекқорға жүгіну керек

«НПФ «МАТЕРИА МЕДИКА ХОЛДИНГ» ЖШҚ ҚР өкілдігі

Алматы қ., Сейфуллин к-сі 498.

Тел./факс: 2734713.

E-mail: kz@dep.materiamedica.ru

Қосымша мәліметтер

Дәрілік препараттың құрамы

Бір таблетканың құрамында

белсенді заттар -адам гамма интерферонына аффинді тазартылған

антиденелер 0,006 г*,

гистаминге аффинді тазартылған антиденелер 0,006 г*,

CD4-ке аффинді тазартылған антиденелер 0,006 г*.

* лактоза моногидратына 100¹², 100³⁰, 100⁵⁰ есеге сәйкес сұйылтылған субстанцияның үш белсенді сулы-спиртті сұйылтулары қоспасы түрінде жағылады.

қосымша заттар: лактоза моногидраты, микрокристалды целлюлоза, магний стеараты.

Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы

Жалпақ цилиндр пішінді, сызығы мен ойығы бар, ақтан ақ дерлік түске дейінгі таблеткалар. Сызығы бар жалпақ жағында MATERIA MEDICA жазуы бар, басқа жалпақ жағында ERGOFERON жазуы салынған.

Шығарылу түрі және қаптамасы

Соруға арналған таблеткалар. 20 таблеткадан поливинилхлоридті үлбірден және алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықты қаптамада.

1, 2 немесе 5 пішінді ұяшықты қаптамадан медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тіліндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынады.

Сақтау мерзімі

3 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

Сақтау шарттары

Жарықтан қорғалған жерде, 25 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептсіз.

Өндіруші туралы мәлімет

«МАТЕРИА МЕДИКА ХОЛДИНГ» ҒӨФ» ЖШҚ;

Ресей, 127473, Мәскеу қ., 3-ші Самотечный қысқа к-сі, 9 үй.
Тел./факс: (495) 684-43-33.

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

«МАТЕРИА МЕДИКА ХОЛДИНГ» ҒӨФ» ЖШҚ, Ресей,
127473, Мәскеу қ., 3-ші Самотечный қысқа к-сі, 9 үй.
Тел./факс: (495) 684-43-33.

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта)

«МАТЕРИА МЕДИКА ХОЛДИНГ» ҒӨФ» ЖШҚ ҚР өкілдігі
Алматы қ., Сейфуллин к-сі 498.
Тел./факс: 2734713
E-mail: kz@dep.materiamedica.ru